



Нурғалиева Гүлнар Қазыбекқызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті доценті

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – әлемдік жоғары білімге жол салушы



Қазақ ұлттық университеті Қазақстан Республикасындағы ең үздік жоғары оқу орындарының бірі болып саналады. Жоғары оқу орнының негізі 1934 жылы 15 қаңтарда қаланды. 1937 жылы төрт жылдық оқу жүйесіне негізделген алғашқы гуманитарлық шет тілдер факультеті ашылды. Кейінірек 120 студенті, сонымен қатар, құрамында орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, француз тілі бар философия факультеті ашылды. Соғысқа дейін және соғыстың соңғы жылдары 23 кафедраасы бар екі гуманитарлық (филология және журналистика) және үш жаратылыстану (биология, физика математика, химия) факультеті жұмыс істеді. 1942 жылы оқу орны 257 физик, химик, математик, биолог, журналист, филолог, сонымен қатар Батыс Еуропа елдерінің мамандарын дайындап шығарды. 1954-1955 жылы университетте 3778 студент оқып, 386 оқытушы еңбек етті. 1970 жылы университет құрамында 16 мамандық бойынша жас кадрлар

дайындайтын 10 факультет және 65 кафедра болды. 1980 жылы 89 кафедрада 869 оқытушы, оның ішінде 79 профессор және 540 доцент, ғылым кандидаттары жұмыс істеген.

ҚазҰУ-дың қабырғасында Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Ермұхан Бекмаханұлы, Әлкей Марғұлан, Д.Сокольский секілді көрнекті ғылым мен мәдениет қайраткерлері дәріс оқыды.

Қазақ Ұлттық университеті 83 жылдық бай тарихында көптеген жетістіктерге жетті. Қазір жоғары оқу орны 180 сала бойынша мамандар дайындайды. QS World University Rankings Results сайтының келтірген деректеріне қарағанда университет 2016 жылы 401-450 аралығына дейін көтерілген, 2012 жылғы әлемдік үздік 390 шы университет Университет ТМД университеттері арасында үшінші орында, QS рейтингісі бойынша соңғы екі жылда әлемдегі үздік топ университеттер қатарында, Қазақстан университеттер арасындағы ең үздік университет болып саналады. Бүгінде Университеттің QS рейтингіндегі позициясы – 165 орын., Webometrics рейтингісі бойынша университет Қазақстанда 1орыны, ал дүние жүзі бойынша 2001 орынды иеленді. Атақты халықаралық «Great Value Colleges» ұйымының қорытындысы бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлем бойынша 50 технологиялық дамыған университеттер қатарына кіріп, рейтингте 31 орын иемденді. ТМД, Шығыс және Орталық Еуропа, сонымен бірге Сингапур, Жапония, бүкіл Азия континенті арасында қазақстандық ЖОО жалғыз өкілі екендігінайтаеткеніміз

жөн.

ҚазҰУ-да UNITWIN бағдарламасына сәйкес, ЮНЕСКО кеңесімен даму бойынша Орта азиялық тұрақты даму бойынша аймақтық ЮНЕСКО хабы құрылды. Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасы ашылды.

UNIFORM Project Халықаралық консорциум негізінде Токио университетімен бірігіп Қазақстан тарихында бірінші рет сирек кездесетін жоба отандық Наноспутникті әзірлеу жұмыстары жүріп жатыр. Бұл әзірлеме басқа да жобалар сияқты Экспо-2017 көрмесінде таныстырылды. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аясында «Алатау» ИТП-ның үшінші кезеңі әзірленбек. Бұл ғылыми-білім беру және инновациялық кластердің құрылуы Ұлттық инновациялық жүйенің негізгі «даму нүктесі» болып табылады.

Қазақ ұлттық университетінде бүгінде 20 мыңнан астам студент, сондай-ақ алыс жақын шетелден келген студенттер білім алады. Оқытушы-профессорлар құрамы – 2500 мың адамнан асады, олардың арасында 400-ден аса ғылым докторы, профессорлар, 800-ден астам ғылым кандидаттары, доценттер бар. Университетте қазіргі уақытта 14 факультет шоғырланған. Сол факультеттердің бірі «Экономика және бизнес жоғарғы мектебі».

Экономика және бизнес Жоғары мектебі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің ертеден танымал факультеттерінің бірі болып табылады. Экономикалық факультет 1949 жылы ашылған болатын.

Факультетіміздегі «Қаржы және есеп» кафедрасы туралы айта кетейік. «Есеп және аудит» мамандығы алғашқыда Эко-

номика факультетінің «Маркетинг және жалпы пәндер кафедрасының», ал кейін, 2001 жылдың мамыр айынан бастап «Қаржы және аудит» кафедрасының құрамында болған. Негізінен «Есеп және аудит» кафедрасы 27 сәуір, 2004 жылы ашылды. Содан бері «Есеп және аудит» кафедрасы халықаралық стандарттарға сай жоғары білімі бар бухгалтерлер мен аудиторларды кәсіби, білікті маман ретінде дайындап шығады.

Кафедра жанынан құрылған сертификатталған бухгалтерлерді дайындау, биржалық тренинг және Исламдық қаржыландыру орталықтары бар. Қазіргі күні студенттер жоғары білімді алғаннан соң, дипломдары нарықта сұранысқа ие болуы қажет, ол үшін студентоқу процесін үзбей халықаралық CIPA сертификация бағдарламасы CAP – сертификатталған тәжірибелі бухгалтерге оқып, сертификатын алу мүмкіндігі бар. CIPA сертификатына емтихандарды тапсыру бойынша студент ҚР аудиторлар саралаулары бойынша емтихандар өзара есепке алынады. CAP сертификатын иеленуші маман ХКЕС-негізделген есептерді дайындауға қабілетті болады. бұл сертификаттар бойынша оқу жұмыстарын кафедрамыздың білімді де білікті оқытушыларымыз жүргізеді.

Қорытындылай келе, ұлттық университетіміздің есеп және аудит мамандығына оқуға түскен түлектің болашағына сеніммен қарауға болады. Себебі, кафедрамыздан 2004 жылдан бері көптеген түлектер ұядан ұшырылып, әрбіреуі биік шындардан көрініп, білікті маман иесі болып отыр.

Петропавл қ «Компания-Диорит-LTD» ЖШС-ның өтінімі бойынша жария тыңдаулар өтеді

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғаларды «Компания-Диорит-LTD» ЖШС-ның бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда, жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру бойынша реттелетін қызметіне тарифтің және тарифтік сметалардың жобаларын талқылауға шақырады.

«Компания-Диорит-LTD» ЖШС-ның жария тыңдауы **2020 жылғы 20 қараша сағат 15:00-де** Петропавл қаласы, Парковая көшесі, 57 В мекен-жайы бойынша, 335-кабинетте өтеді.

Жария тыңдауға қаладағы карантиндік шараларды ескеріп, санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, 10 адамнан көп емес қатыса алады, атап айтқанда маска режимін, 2 метр қашықтық сақтау керек, антисептиктерді қолдану қажет және т.б.

Сонымен бірге, COVID-19 коронавирусының таралуын болдырмау мақсатында Солтүстік Қазақстан облысы, Ф.Мүсрепов атындағы ауданы, Новошымское ауылының тұтынушылары мен басқа да қызығушылық танытқан тұлғалар «ZOOM» және «Facebook» қосымшалары арқылы жария тыңдауға «online» режимде қатыса алатындығын хабарлаймыз.

Аталған қосымшалар арқылы «Компания-Диорит-LTD» ЖШС-ның жария тыңдауына қосылу үшін мына сілтемелер бойынша өту қажет:

- **ZOOM қосымшасы арқылы:**

<https://us05web.zoom.us/j/7190919600?pwd=L3VieHI1NitJN0E0aE10cmJ1ZUgzZz09>

Конференция идентификаторы: 719 091 9600

Пароль: 1234

- **Facebook қосымшасы арқылы:**

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100043427352343>

Үкілетті органның мекен-жайы: Петропавл қаласы, Парков көшесі,

57 В үй, байланыс телефоны: 8 (7152) 53-37-35.

Табиғи монополиялар субъектісінің байланыс телефоны:

«Компания-Диорит-LTD» ЖШС: +7 (71546) 31-112.

В г.Петропавловск пройдут публичные слушания по заявке ТОО «Компания-Диорит-LTD»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Северо-Казахстанской области приглашает потребителей и иных заинтересованных лиц на публичные слушания по обсуждению проекта тарифа и тарифной сметы ТОО «Компания-Диорит-LTD» на регулируемую услугу по предоставлению подъездного пути для проезда подвижного состава при условии отсутствия конкурентного подъездного пути.

Публичное слушание ТОО «Компания-Диорит-LTD» будет проводиться **20 ноября 2020 года в 15:00 часов** по адресу: город Петропавловск, ул. Парковая, 57 В, в кабинете 335.

В публичном слушании могут принять участие не более 10 человек с соблюдением санитарно-эпидемиологических норм, учитывая карантинные меры в городе, а именно необходимо соблюдать масочный режим, дистанцию от 2 метров, использовать антисептики и т.д.

Между тем сообщаем, что в целях нераспространения коронавирусной инфекции «COVID-19», потребители села Ленинградское Акжарского района Северо-Казахстанской области и иные заинтересованные лица смогут принять участие на публичных слушаниях в режиме «online» посредством приложения «ZOOM» и «Facebook».

Для участия в публичном слушании ТОО «Компания-Диорит-LTD» посредством указанных приложений необходимо перейти по ссылкам:

- **через приложение «ZOOM»:**

<https://us05web.zoom.us/j/7190919600?pwd=L3VieHI1NitJN0E0aE10cmJ1ZUgzZz09>

Идентификатор конференции: 719 091 9600

Пароль: 1234

- **через Facebook:**

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100043427352343>

Адрес уполномоченного органа: город Петропавловск, ул. Парковая,

57 В, контактный телефон: +7 (7152) 53-37-35.

Контактный телефон субъекта естественных монополий

ТОО «Компания-Диорит-LTD»: +7 (71546) 31-112.

